

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

– «Wowee» секілді таңырқау сөздерді «Ойбо-ой» деп эмоционалды көңіл-күйдің қазақы леппен дәл береді;

– Италиялық жүйрік көлік Франческоның аузынан шығатын қазақша сөздердің итальян тілімен сәтті үндестірілуі. Мысалы, «қалай дәтің барадо?», «байқап көрсеңши» деп итальян тіліндегі о, е, и әріптерінің сөз соңында келетін ерекшелігі дұрыс пайдаланылған, яғни түпнұсқада қандай акцентпен сөйлесе, қазақ тіліне де солай акцентпен аударылған.

Ал енді аударманың сәтсіз әрі көрермендердің көңілінен шықпаған тұстары:

– «Сцепление» сияқты кейбір орысша сөздердің баламасы дәл табылмай, сол күйінде айтылған;

– «Қойыңызшы», «қоя салыңызшы» дегенге келетін сөз бір тұстарында «тастанызшы» деп алынған. Бұл орыс тіліндегі «бросьте» деген сөздің тікелей аудармасы екені белгілі;

– Кей тұстарында қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылған. «Кетесіндер ма не?» (дұрысы – «кетесіндер ме, немене?»), «дейсің ба?» («дейсің бе?» болуы тиіс).

Жалпы, қазіргі таңда тек мультипликациялық фильмдерді аударуда ғана емес, кез келген кинофильмді отандық тілге аударғанда негізгі кездесетін мәселе және көрермен аудиторияның көңілі толмай, қанағаттанбау себептері:

1. аударма тікелей түпнұсқа тілінен емес, орыс тіліне жасалған аударма нұсқасынан жасалады да кейбір түпнұсқадағы маңызды элементтер қалып қойып, немесе орыс мәдениетіне сай етіліп аударылып кетеді;

2. кейбір сөздер аударма барысында тым ескі (архаикалық) әрі жасөспірімдер аудиториясына бейтаныс сөздермен аударылады;

3. аударма барысында қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылып, кейбір сөздер тек белгілі бір аймаққа тән диалект сөздермен беріледі.

Осы аталған мәселелер қатарын қарастырып, шетелдік анимациялық фильмдерді аудару барысында ескеріп отыру керек. Аударманы дайын орыс нұсқасынан емес, тікелей ағылшын тілінен жасаған аударма сапасын айтарлықтай жоғарылатады. Және де мультфильмдер негізінен кішкентай балалар аудиториясына арналғандықтан, көнерген сөздер мүлдем болмауы керек, аударма тілі жеңіл, қарапайым әрі ұғынықты болуы тиіс. Мультипликациялық фильмдер – тәрбие құралы. Сондықтан кез келген мультфильм ана тілімізде сөйлеп, баланы ерте жасынан бастап-ақ қазақ тілін үйренуге баулуы өте маңызды фактор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбусейітова М. Аударма. Фильм сыры.
2. Нұрмышева Ш.А. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты – 2010.
3. Алдашева А. Аударматану / Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1999. – 213 б.
4. Режиссерская энциклопедия / Кино США. – М.: Материк, 2002

УДК 811.512.122:81'25

МЕДИА-МӘТІН ТІЛІНІҢ АУДАРМАСЫ МЕН ПРАГМАТИКАСЫ

Тельман Айгерим Аманжолқызы

aigerim.telman@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., доцент Қоңыратбаева Ж.М.

Медиа-мәтін анықтамасы

Медиа-мәтін – медиа өндірістің нақты нәтижесі – кез-келген медиа жанрындағы ақпараттық хабарландыру (газет мақаласы, теле-бағдарлама, видео, фильм, т.б.).

Мәтіннің вербалды және медиалық компоненттері бір-бірімен тығыз байланысып «медиа-мәтін» ұғымының негізін құрайтын тұтастыққа ұласады.

Я.Н. Засурский медиа-мәтінді «жаңа коммуникациялық өнім» ретінде сипаттайды. Және оның басқа мәтіндерден ерекшелігі ретінде вербалды, визуалды, дыбыстық, мультимедиалық желідегі медиалық құрылымдарға енгізілу қабілеттілігін атап өтеді [1, 6].

Жалпы БАҚ-тың ақпаратты жеткізу формасына қарай үш түрге бөлінетіні белгілі: телевизия, радио және мерзімді баспасөз. БАҚ тілі нысанаға алынғанда лингвистика ғылымындағы негізгі ұғым мәтінге бұқаралық коммуникацияда жаңа мағыналық реңктер үстеледі. Сөйтіп БАҚ арқылы таралатын аудиалды және визуалды түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығы ретінде медиа-мәтін ұғымын құрайды.

Медиа-мәтін зерттелімі

Журналистік теория мен тәжірибеде кеңінен қолданылатын «медиа-мәтін» термині алғаш 1990 жылдардағы ағылшын тілі ғылыми әдебиеттерден келген [2, 86]. Бұл ұғым жайындағы алғашқы теориялық тұжырымдарды толыққанды зерттеуге алған Т.Ван Дейк, М.Монтгомер, А. Белл, Н.Фейерклаф, Р.Фаулер. Ал, Ресейлік медиа-мәтін теориясын қалыптастыруға үлес қосқан ғалымдар қатарына В.В. Богуславская, Н.С.Валгина, С.Н.Деляев, Т.Г.Добросклонская, И.П.Лысакова, В.Ю.Кожанова, В.Г.Костомаров, А.Д.Кривоносов, Г.Я.Солганик, Т.В. Чернышева, Д.Н.Шмелев, сынды зерттеушілерді жатқызуға болады. Отандық зерттеушілерімізге тоқталатын болсақ, соңғы жылдардағы прагматингвистиканың алғышарттары қазақ ғалымдарының еңбектерінде де бастау алады. Атап айтқанда, А.Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б.Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З.К.Ахметжанова мен А.Т.Таткенова газет мәтінінің экспрессивті синтаксисін, С.Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б.Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф.Жаксыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г.К.Ихсанғалиева тақырыптарға прагматикалық талдау жасаған. Ал Р.А.Омарова неміс тіліндегі газеттер материалы бойынша баспасөз дискурсына прагматингвистикалық талдау жүргізсе, Қ.Ө.Есенова докторлық диссертациясында қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасын баспасөз материалдары негізінде қарастырған [3, 47].

Медиа-мәтін аударылу ерекшеліктері

Газеттік-публицистикалық стильдің өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл стильдің мақсаты – оқырманды күнделікті оқиғалар жайлы хабарландыру және сол оқиғаларға қатысты белгілі бір көзқарас тудыру.

Газеттік-публицистикалық стильді сипаттауда көптеген зерттеушілер басқа стильдермен салыстырғанда сан есімдердің және жалпы көптікті білдіретін лексикалық-грамматикалық бірліктердің, сонымен қатар жалқы есімдердің жоғары пайыздылығын атап өтеді: топонимдер, антропонимдер, ұйымдар мен мекемелердің атаулары және т. б.

Лексиканы денотативті жағынан қарастыратын болсақ, көптеген авторлардың айтуынша, ақпараттың нақтылығына қарамастан, абстрактылы сөздердің көптігі байқалады. Ал коннотативті бағытта эмоционалды лексикадан гөрі, бағалаушы және экспрессивті лексиканың басым болуымен сипатталады.

Газеттік-публицистикалық стильдің әлеуметтік жағдайы ерекше. Өйткені медиа-мәтіндер бұқаралық ақпарат құралы бола отырып, бұқараны сендіру, нандыру құралы болып табылады. Газетті әдетте адамдар зейін қойып оқуға мүмкіндігі жоқ жерлерде оқиды: метро, поезд, жұмыстан кейін, түскі ас кезінде, және т.б. Сондықтан ақпаратты дұрыс орналастыру, қысқа да нұсқа жеткізуді керек етеді.

Жоғарыда аталған ерекшеліктер аудармашы үшін кейбір қиындықтар тудыруы мүмкін. Газеттік-публицистикалық мәтінді аударатын аудармашының ескеретін жағдайлары сан-алуан. Ең маңыздысы термин сөздер мен кәсіби сөздердің кең қолданылуы. Сонымен қатар жалқы есімдер мен қысқарған сөздер; ауызекі сөйлеу лексикасы, соның ішінде

жаргонизмдер, сленг, диалектілер; фразеологизмдер, сонымен қатар клише мен саяси тұрақты тіркестерді жатқызуға болады.

Медиа-мәтін прагматикасы

Газет мәтінін құрастырушы да, оны тұтынушы да – белгілі бір әлеуметтік топтардың мүшелері. Бүгінгі ақпарат заманында адам қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды қадағалап отыруға мәжбүр. Бір күн бұқаралық ақпарат қызметін пайдаланбау адамның білім қорын едәуір азайтып, оның әлеуметтік дамуын тежегендей әсер етеді. Осы жағынан газет мәтінінің әлеуметтік сипатын әлеуметтік лингвистикамен байланыстыра қарастырудың мәні зор.

Қазіргі тіл білімі әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және прагмалингвистикалардан тұратын кешенді пәнаралық бағыттар негізінде қалыптасатын, көптеген зерттеу деректерімен байып отыр. Сондықтан тіл қолданысын адам факторымен тығыз байланыстырып қарастыратын прагмалингвистиканы өзге антропоцентристік бағыттармен бірлікте, кешенді түрде қарастырудың маңызы зор.

Есенова Қ. Өз еңбегінде мәтін прагматикасын кодталған ақпараттың адресат тарапынан дұрыс ашылып, адекватты түрде қабылдануы деп айтады [3, 10].

Әр адресат бір мәтінді әртүрлі қабылдауы мүмкін. Оның себебі кодталған ақпаратты тиісінше ашып, қабылдау үшін адресаттың дүниетанымы, өскен ортасы, тәрбиесі, білімі, тілдік-психологиялық мүмкіншіліктері критерий бола алады.

Қорытынды

Ақпарат дәуірінде бұқаралық ақпарат құралдары – бұқаралық коммуникацияны жүзеге асырушы негізгі тетік ретінде танылып, мойындалып отыр. Әлем бейнесінің бір бөлігін таныта отырып, оның бұқаралық санадағы ақпараттық бейнесін қалыптастыратын медиа-мәтін қоғамға әсер етудің прагматикалық стратегияларын жүзеге асырушы, күрделі құрылым болып табылады. Аса маңызды әлеуметтік реттеуші рөлін атқаратын медиа-мәтіндерде қоғам ішіндегі, сондай-ақ алыс-жақын шетелдердегі саяси оқиғалар мен әлеуметтік-экономикалық ахуал түрліше интерпретацияланады. Сондықтан да аудармашы үшін бұл үлкен жауапкершілік, себебі медиа-мәтінді басқа тілге прагматикалық сипатын сақтай отырып, оқырманға дұрыс жеткізіп аудару аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Загорская А.П. Письмовик для ведения деловой корреспонденции// Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика. 2005 – №2, 6 б.
2. Каримова Б.Т. Әсетова Ж.Б. Қазіргі қазақ ресми баспасөзіндегі медиа-мәтін сипаты. Вестник КазНУ. Серия филологическая, № 3(133). 2011
3. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде), Автореф. докт... филол. наук. – Алматы, 2007. – 47 б.
4. Жақсылықова Г. Медиамәтіннің прагматикалық қырлары // Вестник КазНУ. Серия филологическая, № 3(133). 2011, 209 б.